ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ **РЕШЕНИЕ**

2026ж 5 мамыр № 2

Әйтеке би кенті поселок Айтеке би

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 коллекторлар жүйесін реконструкциялау жобасын іске асыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі-басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 1- тармағының 13) тармақшасына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50 бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдай министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 10 мамырдағы №240 бұйрығымен бекітілген Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың Сыныптамасының 1-тармағының 2-тармақшасына, Қазалы ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жөніндегі аудандық комиссияның 2026 жылғы 5 мамырдағы №1/3-10/1210 хаттамасына сәйкес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазалы ауданы Сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 коллекторлар жүйесін реконструкциялау жобасы, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы күріштіктерден шығатын қашыртқы суларының толыққанды ағып кетпеуі салдарынан инженерлік жүйеге келтірілген күріштік егіс алқаптары екінші қайтара тұзданып айналымнан шығып қалу қаупі туындауына байланысты төтенше жағдайлар обьектісіне жатқызылсын.

2. Қазалы аудандық төтенше жағдайдар бөлімінің *(05.05.2026ж, №31-24/128-И)* және Өркендеу, Аранды, Алға, Ақжона, Майдакөл ауылдық округ әкімдері мен шаруашылық құрылымдарының егін алқабының қашыртқы суын уақытылы шығару арқылы егіннің өнімділігін арттыру, жердің сорлануының алдын алу, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі ұсыныстары негізінде шаруашылық жүргізуші обьектілерге нұқсан келтіруі мүмкін жағдайларды болдырмау үшін Қазалы ауданы Сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 коллекторлар жүйесін реконструкциялау мақсатында 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 қашыртқыларын шұғыл түрде қалпына келтіру үшін мемлекеттік сатып алу рәсімдері жедел түрде жүргізілсін.

3. Қазалы ауданы Сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 коллекторлар жүйесін реконструкциялау мақсатында 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 қашыртқыларының жай-күйіне ақаулық актісін жасау үшін комиссия құрылсын.

4. Шешімнің орындалуын бақылау жасау салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының
әкімі **А. Есмаханов**

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі аудандық комиссияның кезектен тыс отырысының
ХАТТАМАСЫ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залы

2026 жылғы 5 мамыр
Сағат: 12.00

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
№ 1/3-10/210
«05» 05 2026ж.

Төрағалық ететін: Аудан әкімі А.Есмаханов.
Қатысқандар: комиссия мүшелері мен мекеме, кәсіпорын басшылары

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары туралы

(А.Есмаханов, Н. Абилдаев, А.Қалиев)

1. «Қазалысушар» өндірістік учаскесінің бастығы Н. Абилдаевтың Сырдария өзенінің сол жағалауындағы күріштіктерден шығатын қашыртқы суларының толыққанды ағып кетпеуі салдарынан инженерлік жүйеге келтірілген күріштік егіс алқаптары екінші қайтара тұзданып, айналымнан шығып қалу қаупі туындауы туралы хабарламасы қаперге алынсын.

2. Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөлімі *(А.Ниязов):* ҚР Үкіметі отырысының хаттамалық тапсырмасын *(09.12.2025 ж. №45 хаттама 2.1 тармақ Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарының әкімдіктеріне 2026 жылғы вегетациялық кезең басталғанға дейін коммуналдық меншіктегі гидротехникалық құрылыстар мен каналдарды жөндеуден өткізу туралы)* Қазалы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің *(05.05.2026 ж. №31-24/129-И)* және Өркендеу, Аранды, Алға, Ақжона, Майдакөл ауылдық округ әкімдері мен шаруашылық құрылымдарының егін алқабының қашыртқы суын уақытылы шығару арқылы егіннің өнімділігін арттыру, жердің сорлануын алдын алу, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі ұсыныстары негізінде шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтіруі мүмкін жағдайларды болдырмау үшін Қазалы ауданы Сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 коллекторлар жүйесін реконструкциялау мақсатында 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 қашыртқыларын шұғыл түрде қалпына келтіру үшін мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүргізуді қарастырсын.

Суға шомылу маусымындағы су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары туралы

(А.Есмаханов, А.Қалиев)

1. Қазалы ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы А.Қалиевтің хабарламасы қаперге алынсын.

2. Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті және ауылдық округ әкімдері:

1) су айдындарының қауіпті және демалуға, шомылуға жабдықталмаған учаскелерінде тыйым салатын және ескерту қауіпсіздік белгілерін орнатсын *(мерзімі: 10.05.2026 ж);*

2) шомылу маусымында қауіпсіздік шараларының сақталуы туралы жұмысшы топтарын құрып, апта сайын түсіндірме жұмыстарын жүргізсін.

Атқарылған жұмыстар туралы әлеуметтік желінің ресми парақшаларына жарияласын *(мерзімі: тұрақты)*.

3. Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі *(Ә.Жөлекешов, келісім бойынша)*: жазғы маусымдағы демалыс кездері балаларды бақылаусыз қалмаулары үшін ата-аналарының түсіндірме жұмыстарын жүргізсін *(мерзімі: 25.05.2025 ж. дейін)*.

4. Қазалы ауданының полиция бөлімі *(Н.Ибраев, келісім бойынша)* аудан аумағындағы шомылуға рұқсат етілмеген су айдындары маңында ішімдік ішу және де шомылу оқиғалары бойынша қолданыстағы заңнамалар аясында әкімшілік шаралар қолдану жолдарын қарастырсын *(мерзімі: тұрақты)*.

5. Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі *(Ж.Алиев)* баспа құралдары мен әлеуметтік желілерге суға шомылу маусымындағы қауіпсіздік шараларының қатаң сақталуы туралы ақпараттарды күшейтсін, тиісті органдармен бірлесіп баспасөз брифингін өткізуді ұйымдастырсын *(мерзімі: тұрақты)*.

6. Осы хаттамалық тапсырмалардың орындалуына бақылау жасау Қазалы ауданының төтенше жағдайлар бөліміне *(А.Қалиев, келісім бойынша)* және Қазалы ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөліміне *(Ғ.Сматуллаев)* жүктелсін.

Қазалы ауданының
әкімі **А. Есмаханов**

Исх. № 01-06/06-614 от 15.12.2025, Вход № Д-2941//01-06/06-614 от 17.12.2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІ ОТЫРЫСЫНЫҢ

ХАТТАМАСЫ

ПРОТОКОЛ

ЗАСЕДАНИЯ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Астана қаласы № 45 2025 жылғы 9 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектенов төрағалық етті

Қатысқандар: тізім бойынша

1. Оңтүстік өңірлерді сумен қамтамасыз ету туралы

(Бектенов, Бозымбаев)

1. Премьер-Министрдің орынбасары Қ.А. Бозымбаевтың оңтүстік өңірлерді сумен қамтамасыз ету туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының әкімдіктері:

1) **2026 жылғы вегетациялық кезең басталғанға дейін** коммуналдық меншіктегі гидротехникалық құрылыстар мен каналдарды жөндесін;

2) Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары және ирригация министрліктерімен бірлесіп ылғалды көп қажет ететін дақылдардың үлесін төмендете отырып, егіс алқаптарының құрылымын әртараптандырсын, сондай-ақ су үнемдейтін суару технологияларын енгізу бойынша жеткізілген индикаторлардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Су ресурстары және ирригация министрлігі:

1) көршілес мемлекеттермен трансшекаралық өзендер бойынша судың қажетті көлемінің уақтылы түсуін қамтамасыз ету жөнінде жұмыс жүргізсін;

2) «Қазсушар» РМК-мен бірлесіп бекітілген лимиттерден тыс суармалы су беруге жол бермесін;

3) **2026 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде** судың «қара нарығын» жою жөніндегі құқық қорғау органдарымен бірлескен егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарын Үкімет Аппаратына енгізсін.

Рег.№ Д-2941//01-06/06-614 Рег.дата 17.12.2025 Копия электронного документа. Дата: 18.03.2026 14:15. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

4. Түркістан облысының әкімдігі Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлесіп **2026 жылғы 31 шілдеге дейінгі мерзімде** Шардара топтық су құбырының құрылысын аяқтасын.

5. Аталған мәселе бойынша бақылау және үйлестіру Премьер-Министрдің орынбасары Қ.А. Бозымбаевқа жүктелсін.

2. Көлік-транзит саласын дамыту мен цифрландыру туралы

(Бектенов, Сауранбаев, Такиев, Коняшкин, Алдыбергенов, Иманашев)

1. Көлік министрі Н.Е. Сауранбаевтың, Қаржы министрі М.Т. Такиевтің, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің міндетін атқарушы Р.А. Коняшкиннің, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Т.С. Алдыбергеновтің, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Д.С. Иманашевтың көлік-транзит саласын дамыту мен цифрландыру туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Көлік министрлігі:

1) халықаралық көлік дәліздері мен өткізу пункттеріндегі барлық процестерді цифрландыруды жеделдетсін;

2) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Smart Cargo платформасындағы барлық сервистер мен ақпараттық ресурстардың толық интеграциясын **2026 жылғы 1 сәуірге дейін** аяқтасын;

3) Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп көлік ағындарын болжау және басқару мақсатында көліктік дерекқордың ақпараттық-талдау жүйесін ашық интерфейстері бар модульдік және кең ауқымда қолданылатын архитектураға көшіріп, жасанды интеллектіні кезең-кезеңімен енгізсін;

4) ақауларды тіркеуді және жұмыстардың орындалуын онлайн-режимде бақылауды қамтамасыз ету үшін «e-Joldar» жүйесін **2026 жылғы 1 мамырға дейін** өнеркәсіптік пайдалануға іске қоссын;

5) Ауыл шаруашылығы, Қаржы министрліктерімен бірлесіп импорттық және экспорттық декларациялар, сондай-ақ ветеринариялық және фитосанитариялық сертификаттар бойынша деректерді автоматтандырылған түрде беруді қамтамасыз ету үшін «e-Freight» ақпараттық жүйесімен кешенді интеграцияны **2026 жылғы 1 наурызға дейін** аяқтасын;

6) Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-мен бірлесіп шекаралық, тораптық станцияларда жүктерді өңдеу уақытын қысқарту, кестелердің

Електронтық нұсқа болып табылады 05.03.2026 17:15

Рег.№ Д-2941//01-06/06-614 Рег.дата 17.12.2025 Копия электронного документа. Дата: 18.03.2026 14:15. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР
МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР
ДЕПАРТАМЕНТІ ҚАЗАЛЫ
АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

120400, Әйтеке би кенті, Торемұрат жырау көшесі
16 «А»
Тел/факс:8 (72438) 22-1-51
e-mail: ochs_kazali_kyzl@emer.kz

05.05.2026ж № 31-24/129-И

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ
СИТУАЦИЯМ КАЗАЛИНСКОГО
РАЙОНА ДЕПАРТАМЕНТ ПО
ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
МИНИСТЕРСТВА ПО
ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

120400, поселок Айтеке би, улица Торемурата жырау
16 «А»
Тел/факс:8 (72438) 22-1-51
e-mail: ochs_kazali_kyzl@emer.kz

Қазалы ауданының
әкімі А.Есмахановқа

Төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазалы ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің (бұдан әрі-бөлім) негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Өзіңізге белгілі аудан аумағындағы Өркендеу, Бірлік, Аранды, Алға, Ақжона, Майдакөл ауылдық округ әкімдері мен шаруашылық құрылымдарының егін алқабының қашыртқы суын уақытылы шығару арқылы егіннің өнімділігін арттыру, жердің сорлануын алдын алу, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі ұсыныстары негізінде шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтіруі мүмкін жағдайларды болдырмау мақсатында Қазалы ауданы Сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 коллекторлар жүйесін реконструкциялау үшін 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 қашыртқыларын шұғыл түрде қалпына келтіру үшін тиісті шараларды қабылдауды қажет етеді.

Сонымен қатар «Оңтүстік өңірлерді сумен қамтамасыз ету туралы» ҚР Премьер-Министрі О. А. Бектеновтың төрағалығымен 09.12.2025 жылы өткен Үкімет отырысында (2.1 тармақ) Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарының әкімдіктеріне 2026 жылғы вегетациялық кезең басталғанға дейін коммуналдық меншіктегі гидротехникалық құрылыстар мен каналдарды жөндеуден өткізу тапсырмасы берілген.

Осыған байланысты, төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында жоғарыда аталған «Сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 қашыртқыларына» құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін тиісті шараларды қабылдауға өз тарапыңыздан ықпал жасауыңызды сұрайды.

Бөлімінің бастығы
азаматтық қорғау полковнигі **А.Қалиев**

Орындаушы: С.Ізімов
8-724-38-22-1-51